

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2025–2029 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 107-977 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына және 62-бабының 5-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2025–2029 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына  
қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2025–2029 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)**

Р/с.№	Даярлау бағытының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасының коды және тобының атауы	2025–2029 оқу жылдарына арналған күндізгі оқу бөліміне мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (гранттар саны)	Оқу жылы ішінде бір студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан

			қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту	орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	кейінгі білім беру ұйымдары
1	2	3	4	5	6	7
<b>6B01 Педагогикалық ғылымдар</b>						
1.	6B011 Педагогика және психология	B001 Педагогика және психология	10	10	1 139 200	1 008 100
2.	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	40	40	1 139 200	1 008 100
3.	6B013 Пәндік мамандандырыл маған мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	30	30	1 139 200	1 008 100
4.	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	10	30	1 139 200	1 008 100
		B010 Физика мұғалімдерін даярлау	-	20	1 139 200	1 008 100
		B011 Информатика мұғалімдерін даярлау	20	20	1 139 200	1 008 100
5.	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	-	40	1 139 200	1 008 100
1	2	3	4	5	6	7
6.	6B019 Арнайы педагогика	Арнайы педагогика: дефектолог логопед олигофренопедагог тифлопедагог сурдопедагог	31 21 6 10 8		1 139 200	1 008 100
<b>6B031 Әлеуметтік ғылымдар</b>						

7.	6B03103 Әлеуметтік ғылымдар	Психология	100	50	905 800	803 900
7R01 Денсаулық сақтау (медицина)						
11.	7R011 Денсаулық сақтау медицина)	Ересектер мен балалардың анестезиологи ясы мен реаниматолог иясы	3		1 939 900	1 811 300
		Ересектер мен балалардың офтальмологи ясы	2		1 939 900	1 811 300
		Отбасылық медицина	1		1 939 900	1 811 300
		Неонатология	4		1 939 900	1 811 300
		Ересектер мен балалардың шұғыл медицинасы	10		1 939 900	1 811 300
		Ересектер мен балалардың психиатриясы	3		1 939 900	1 811 300
		Ересектер мен балалардың жақ сүйек-бет хирургиясы	1		1 939 900	1 811 300
		Патологиялық анатомия	1		1 939 900	1 811 300
Барлығы: 551						